

**Тақырыбы: “Сыбайлас жемқорлыққа
байланысты құқық бұзушылық
субъектілері”**

Тексерген: Бирманова А.И.

Дайындаған: Жайлыбаева З.С.

(ҚЖ-31)

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдеде шығарылған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңның 3 бабында Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық субъектілері туралы толық көрсетілген.

1. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін осы Заңның негізінде мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар жауапты болады.

Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) мәслихаттардың депутаттары;

2) Қазақстан Республикасының

мемлекеттік қызмет туралы заңдарына

сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер

жатады.

3. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

- 1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адамдар;*
- 2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелері;*

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан төленетін қызметшілер;

4) мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан көп болатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын адамдар;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері теңестіріледі.

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне лауазымды және мемлекеттік міндет атқаруға уәкілетті өзге де адамдарды немесе оларға теңестірілген адамдарды сатып алуды жүзеге асырушы, сол сияқты оларға заңға қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беретін жеке және заңды тұлғалар да жатады.

